

Ақтөбе ауылы орталығындағы көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі N 30 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 05 қазанда N 10-5-144 тіркелді

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабына және Қармақшы ауданы әкімдігінің жанындағы аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 13 шілдедегі Ұйғарымы және N 1 хаттамасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Ақтөбе ауылы орталығындағы бұрын атау берілмеген көшелерге Ыбырай Сейтенов, Нәсіредин Сералиев, Амангелді Иманов, Кеңсе, Ыбырай Алтынсарин, Бисенбай Қасқырбаев атаулары берілсін.

2. Шешім ресми жарияланған күннен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ауылдық округі әкімі

О. Мұнарбаев